



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары,
«Nur Otan» партиясы
фракциясының мүшелеріне
(тізім бойынша)

2021 жылғы 26 ақпандағы
№ ДС-81

Құрметті депутаттар!

Еңбек қатынастары мәселелеріне қатысты Сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Қазақстан Республикасының Үкіметі еңбек құқықтарының бұзылу фактілерін, сондай-ақ жалақы берешектерін болдырмауға қатысты жұмыстарды күшейтіп, тиісті шаралар қабылдауда.

Ағымдағы жылдың 5 наурызына елімізде жалақы берешегінің сомасы 2020 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда (1,1 млн теңге) 62 млн теңгеге немесе 4 % төмендеп, 1 млрд теңгені құрады.

Анықтама: 29 кәсіпорында мыңға жуық жұмыскердің алдында ағымдағы және мерзімі өткен жалақы берешегі 220 млн теңгені құраса, банкрот және оңалту рәсіміндегі 58 кәсіпорындағы 1,5 мың жұмыскер алдындағы жалақы берешегі 822,4 млн теңгені, яғни жалпы берешектің 79 пайызын құрады.

Жалақы берешегіне жол берген 210 кәсіпорынның басшыларына мемлекеттік еңбек инспекторлары 189 ұйғарым берді және 18,5 млн теңгеге айыппұл салынып, 1,8 мың жұмыскер алдындағы 814,6 млн теңге сомасында жалақы берешегі өтелді.

Жыл басынан бері жалақы берешегі бойынша берілген ұйғарымды орындамаған жұмыс берушілерге қатысты сот орындаушыларына 718 іс жолданды, ол өткен жылмен салыстырғанда 40 есе көп (2020 жылы 17 іс).

Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының сақталмауы, оның ішінде жұмыскерлерге жалақы төлемеу бөлігінде шағын және микрокәсіпкерлік субъектілеріне қатысты тексерулер тағайындау алгоритмі (бұдан әрі – Алгоритм) бекітіліп, жергілікті атқарушы органдарға жұмыс үшін жолданды.

Жаңа Алгоритмнің өлшемшарттары негізінде жыл басынан бастап 22 шағын және микрокәсіпкерлік субъектінде жоспардан тыс тексерулер жүргізілді (*Атырау – 3, Жамбыл – 2, Батыс Қазақстан – 1, Қостанай – 4, Солтүстік Қазақстан облыстарында – 4, Шымкент қаласында – 6, Нұр-Сұлтан қаласында – 2*).

Сондай-ақ жалақы берешегі бар кәсіпорындар, оның ішінде шағын және микрокәсіпкерлік кәсіпорындарының басшылары Алгоритмге сәйкес өңірлердің Дағдарысқа қарсы штабтары мен әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі үшжақты комиссияларында (*бұдан әрі – үшжақты комиссия*) тыңдалуда.

Анықтама: *Түркістан облысында шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын «Үміт-СД» ЖШС басшысы жұмыскерлер алдындағы жалақы берешегі бойынша мәселемен облыстың үшжақты комиссиясы отырысында тыңдалып, жалақы берешегін ағымдағы жылдың 31 наурызынан бастап өтеуге міндеттелді.*

Сонымен қатар, қазіргі таңда елдегі әлеуметтік шиеленістерге жол бермеу, азаматтардың еңбек құқықтарын қорғау мақсатында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне және жергілікті атқарушы органдарға келіп түсетін жұмыскерлердің, кәсіптік одақтардың өтініштеріне, құзыретті органдардың, сондай-ақ мүдделі мемлекеттік органдардың ақпараттарына талдау жүргізу үшін Ахуалдық орталық құрылды.

Ахуалдық орталықтың жұмыс процесі автоматтандырылған, өңірлердегі еңбек саласына қатысты ақпараттар орталыққа күнделікті түсіп отырады, сондай-ақ оған мүдделі мемлекеттік (*ҰҚК, БП, АҚДМ*) органдардың өкілдері қосылған.

102 проблемалық кәсіпорын Ахуалдық орталықтың талдауына енгізілген, оның 48-і еңбек даулары болуы ықтимал кәсіпорындар ретінде тіркеліп, 33 кәсіпорынның еңбек саласындағы мәселелері жұмысшылар мен жұмыс берушілер арасында келісімге келу арқылы шешілді.

Анықтама: *Ахуалдық орталық құрылғаннан бері еңбек саласындағы уәкілетті органға және жергілікті атқарушы органдарға 1 281 өтініш келіп түсті, оның 1 032-ы еңбек құқықтарының бұзылғандығы туралы жұмыскерлердің арыздары (жалақы берешегі бойынша – 503 арыз, жалақыны арттыру – 10, жалақы төлеудегі сәйкессіздік – 4, заңсыз жұмыстан босату – 125, штат қысқарту – 6). Өтініштерді талдау барысында Ахуалдық орталық еңбек жанжалдары туындауы мүмкін 20 кәсіпорында тұрақты мониторингке алып, ондағы жағдайды күнделікті бақылап отыр.*

«Атыраустройпроект» ЖШС жұмыскерлері алдындағы жалақы берешегі мәселесі бойынша мемлекеттік еңбек инспекциясы кәсіпорын басшылығына құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізген, нәтижесінде жалақы берешегі толығымен өтелді. Қазіргі таңда «Атыраустройпроект» ЖШС жұмыскерлер алдында жалақы берешегі жоқ.

«Бади-Нур КЗ» балабақшасы» жеке мекемесінің 23 жұмыскері алдындағы жалақы берешегін анықтау жұмыстары барысында мемлекеттік еңбек инспекциясы жалақыға үстемеақы төлеу бөлігінде кешіктіру фактісін анықтаған. Қазіргі таңда қабылданған шаралар нәтижесінде аталған мәселе толығымен шешілді, жалақы бойынша берешектер жоқ.

Еңбек қатынастары мәселелері Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің республикалық жедел штабы отырысында, Қазақстан

Республикасы Үкіметі деңгейіндегі облыстар, республикалық маңызы бар қалалар әкімдері орынбасарларының қатысуымен өткізілген жиналыстарда қаралып, нәтижесі бойынша мүдделі мемлекеттік органдар мен жергілікті әкімдіктерге тиісті тапсырмалар берілді.

Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары әкімдерінің еңбек саласына жетекшілік ететін орынбасарлары мен мүдделі орталық мемлекеттік органдар апта сайын Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары деңгейінде өтетін жиналыста тұрақты түрде тыңдалуда.

Кәсіпорындарда еңбек заңнамасының бұзылуына жол бермеу, жұмыскерлердің еңбек құқықтары мен кепілдіктерін қорғау Үкіметтің тұрақты бақылауында.

А. Мамин

**Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісі депутаттарының тізімі**

- 1. Н. Раззақ**
- 2. Қ. Мусин**
- 3. С. Имашева**
- 4. Е. Смышляева**